

6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Мурат Зулпидинович Ашировтың «Темекі (*Nicotiana tabacum* L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы, профессор Сағындықова Баян Ахметовнаның

ШҚІРІ

Мурат Зулпидинович Ашировтың «Темекі (*Nicotiana tabacum* L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігі жоғары ғылыми жұмыс болып табылады. Отандық өсімдік шикізатын ғылыми зерттеу, оның негізінде импортты алмастыратын дәрілік құралдарды әзірлеу және оны өндіріске енгізу еліміздің фармацевтикалық саласының негізгі міндеті болып табылады.

Аширов М.З. темекі өсімдігі дәндеріне фитосубстанция алу мақсатында шикізат ретінде толық көлемді зерттеу жүргізді. *Nicotiana tabacum* L. шикізатына фармакогностикалық талдау жүргізіп, Мемлекеттік фармакопоя талаптарына сәйкес сапа көрсеткіштерін анықтады. *Nicotiana tabacum* L. дәндерінен төменгі температурада престоу арқылы фитосубстанция алды, сапалық көрсеткіштерін анықтап, оның негізінде жақпамай түріндегі жұмсақ дәрілік форма алудың фармацевтикалық негіздемесін әзірледі.

Диссертант төменгі температурада престоу арқылы алынған фитосубстанция, сонымен қатар, оның негізінде дайындалған жақпамайдың қауіпсіздігі және фармакологиялық белсенділігін анықтау бойынша клиникалық емес зерттеулерін *in vitro* және *in vivo* әдістерімен жүргізді. *Nicotiana tabacum* L. фитосубстанциясы мен оның негізінде алынған жақпамай қауіпсіз және аллергиялық реакциясының жоқ екендігі, айтарлықтай микробқа қарсы, қабынуға қарсы және антиоксиданттық белсенділік көрсететіні анықталды.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Аширов М.З. өзінің ғылыми-зерттеу жұмысына қабілеттілігін көрсете білді. Диссертациялық жұмыстың міндеттерін орындауда, сонымен қатар, алдына қойылған мақсатына жету үшін ғылыми әдебиеттердің үлкен көлемін, инновациялық зерттеу әдістері мен технологияларды қолданған.

М.З. Ашировтың диссертациялық жұмысы бойынша 17 ғылыми мақала, соның ішінде Scopus халықаралық дерекқорына кіретін журналдардағы 1 мақала, Web of Science Core Collection халықаралық дерекқорына кіретін журналдардағы 1 тезис, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында 7 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 5 тезис, 1 авторлық куәлік, 1 өнертабысқа және 1 пайдалы модельге патент дайындады және жариялады.

Аширов Мурат Зулпидинович еңбекқорлығымен, өзіне қоятын жоғары талабымен, терең ойлау қабілетімен, ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыру барысындағы мұқияттылығымен, жұмыс нәтижелерін шығармашылықпен талдай білетіндігімен ерекшеленеді.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Мурат Зулпидинович Ашировтың «Темекі (*Nicotiana tabacum* L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, қойылған мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңызы және нәтижелері 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысы диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді, диссертант Мурат Зулпидинович Аширов философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы,
дәрілер технологиясы және фармакогнозия
кафедрасының меңгерушісі,
фарм.ғ.д., профессор

Б.А. Сағындықова

Б.А. Сағындықова
ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМЫН
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ



Б.А. Сағындықова